

Иә, Кәрім бұл кезде ауылда молданың қолында әліп-биді оқып жүрген.

Болашақ академикпен түйдей құрдас, құлын—тайдай тебісіп өскен досы Әбілғазы

Бейсов (өткен жылы қайтыс болды) Кәкең туралы былайша еске алып отыратын: «Балалар арасында қандай шатақ туса да Кәрімнен шығады. Бірақ қанша сотқар болғанымен, кім көрінгенге әлімжеттік жасамайды. Қашанда жеңіліп жатқан жақтың сойылын соғады. Қатар жүрген балалардың топ бастаушысы болып алған оның ойлап таппайтыны жоқ. Ауылға келген қонақтың аттарын мініп кетіп, қан сорпасын шығарып әкелетінді ұйымдастырушы да осы, кейбір бәйбішелердің тыққан дәмді құртына, ірімшігіне, сары майдай сақтап отырған қантына ұры түсіруші де осы. Иі жұмсақ кең пейіл Мыңбай да, әрі еншісін алмаған Тұрысбек те балаға зекү дегенді білмейтін. Әлдебіреулер «Кәрім сөйтпті» десе: «Е, қайтер дейсің, ақылы толысқан соң қояды да»,—деп елемейтін.

Кәрімнің ауыл молдасынан сауат ашып жүрген кезін Нұра ауданы бас имамының орнына басып жүрген Иса Жәкенов былайша әңгімелейді: «Кәрім ерекше жаралған жан еді. Оның әр ісі «Мен кеткен соң айта жүрсін» дегенге ұқсайды. Ауылдағы молдадан бірге оқыдық. Сауатымызды бірге аштық. Кәрім марқұм зерек еді. Біз апталап жаттап жүретін аяттарыңды бір қарап шығып-ақ санасына қондыра қоятын. Ал дін оқуының кім көрінгенге оңайлықпен қонбайтыны белгілі ғой.

Кәрім өлді дегенде маңайымның бәрі босап қалғандай болды. Көпке дейін сенбедім. Газетке Мұхтардың (Уезов) жоқтау мақаласы шыққанда сенбеске амалым қалмады. Ел болып күңірөндік. Әр оқыған аятимың аяғында Кәрімнің атын бірінші атаймын. Аталмай қалса дұғам қаза болатындай болып көрінеді. Солай, қарақтарым»...

Кәрім Ақмоладағы бастауыш орыс—қырғыз мектебінде 22-жылдан 27- жылға дейін оқыды. Бұл аралықта ол тек мектеп программасы көлемімен ғана шектеліп қалған жоқ. Қолына түскен, ағасы әкеліп берген талай кітаптарды парақтап, олардан өзінің болашақ өміріне рухани нәр азық ала алды. Білім тұңғышына бір бойласаң, оның бар құпиясын біліп—игермейінше тыным таппауға баулыған ағасының ақылы мен нұсқауын бар ықылас ниетімен орындауға бар күш—жігерін салған Кәрім 1928 жылы Ташкенттегі Орта Азия мақта—ирригация политехникалық институтының агрономия факультетіне түседі. Институтқа түсер кездегі Кәріммен өзінің қуанышын, білімге деген құштарлығын жас кезінен сырлас досы бола алған, ұзақ жылдар бойы Қазақстанның

**Арқа төңірегінде, тіптен бүгін Қазақстан аймағына халық есінде қалған ВАСХНИЛ-дің академигі, оның Қазақ филиалының тұңғыш төрағасы, биология, ауыл шаруашылығы ғылымдары саласында жемісті еңбек еткен ғылым докторы, Қазақ ССР Ғылым академия-**

ауыл шаруашылығын дамытуға сыбағалы үлесін қоса білген, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі Төлеужан Мусин былай деп еске алды: «Оқуға, білім алуға деген құштарлық бойымызды билеген біздер жатпай—тұрмай емтиханға әзірленіп, көп ұзамай студент атандық.

Мұның өзінен Кәрімнің бойында білімге, әдебиетке, жалпы ғылым атаулыға құштарлықтың ерте бастан-ақ қалыптасқанын, оның ағасы көздеген биіктен қарысуға бет бұрып, мұрат тұтқанын аңғарар едік. Институт қабырғасында өткен төрт жылы тегін өтпеген ол өз мамандығы бойынша озат студенттердің қатарында саналып, институтты өте жақсы деген бағамен бітіріп шығады. Жас жігіттің бойындағы ғылымға деген бейімділік пен талапты, құштарлықты дұрыс бағалай білген институт басшылары оны мақта талшығына ұқсас өсімдіктерден мата тоқитын Москвадағы М. Фрунзе атындағы «Коталин» фабрикасы жанындағы аспирантураға жолдама береді. Кәріммен қоса жоғарыда аты аталған Т. Мусин де жіберіледі.

Аспирантурада жүрген кезінде Кәрім мен Төлеужанды ауыл шаруашылығы комиссарияты оқуды тоқтата тұрып, бірін Азербайжанға, екіншісін Грузияға жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Ол кезде сталиндік жеке басқа табынудың жаңа—жаңа өрістеп келе жатқан шағы. Партия қайда жіберсе, сонда баруға міндеттісің. Қарсы келіп, сылтау айтатындай болсаң, онда партияға, Сталинге қарсы шыққаның, Совет өкіметінің болашағына бұлдыр қарағаның, тағы басқа да сылтаулар айтылып, жаның жаһаннамға жіберілетіні түсінікті еді. Оқуға, білімге құмартып келген Кәрімді өз республикасына емес, сонау Грузияға жіберуі оған әжептеуір соққы болғаны жасырын емес. Бір жағынан білімін жетілдіретін, агрономия ғылымының небір құпияларын игеремін деген ынта көңілмен келгенде, басқа тепкендей, меселін қайтарып, басқа жаққа жібергеніне іштей

**сының корреспондент мүшесі Кәрім Мыңбаев туралы жазылғандар некен-саяқ. Біз енді сол Кәрім және оның революционер ағасы туралы кең түрде тәптіштеп жазылған материалды облыстық газеттен ықшамдап оқушыға ұсынып отырмыз.**

қиынбасқа жерде, басқа елде тәжірибе жинақтап, алған білімін практикада ұштастырып, қажетіне жаратуда айтарлықтай көмегі болғанына да қанағаттанған ды.

Арада үш—төрт айдан кейін басқа республикаларда жұмыс істеп жүрген мамандар өз еліне қайтарылсын, деген үкіметтің арнайы қаулысы шығады. Бұл елін, жерін аңсап, алған біліміне орай өз халқына еңбек етсем деген арманы мен мақсаты бар Кәрім үшін зор қуаныш болды. Елден жырақ жүргенімен, ауылдағы жақын—туыстармен үзбей хабарласып, хат алысып тұрғаны болмаса, ауыл бетін көрмегелі қаншама айдың, жылдың жүзі өтті десеңізші. Тұла бойды кернеген сағыныш, туған жерге деген махаббат, перзенттік сүйіспеншілік осы қаулыны естісімен-ақ ауылға, елге, туған жерге баруға бел шешкенімен, өзінің жырақта жүру себебі ойына сап ете түсті. Білім қуып, ғылым жолына түсу жастайынан арманы болғандықтан қалайда оқып білім алуды мақсат тұтып, Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының аспирантурасына түседі. Оны үздік бітіріп шығып, кандидаттық диссертациясын қорғайды. Бұл 35-37 жылдар шамасы.

Бұл кезде бүкіл елімізде «халық жауларын» тауып, жаппай құғындап, қырып жатқан нәубет жылдары еді.

«38-жылы мені әскер қатарына азаматтық борышымды өтеуге алып кетті. Алғашқысында Хасан көлінде шайқасам, кейін 1939 жылы Финляндиямен соғысқа қатыстым. Соғыс бітісімен біздің полкты қайта жасақтап, біразымызды елге қайтарды. Маған үш—төрт күнге рұқсат беріп, осы маңайда демалып, қыдырып келуіме болады деп рұқсат берді. Қайда барам. Бірден Ленинградтағы ағам Кәрімнің үйіне бармаққа беркіндім. Қолымда адрес бар болатын. Өйтпін—бүйтіп сұрастырып жүріп, Кәрімнің үйіне бардым. Үйде мені жеңем Мелиса Васильевна қарсы алды. Өзінің үйленгендігі жайында хат арқылы хабардар еткен еді бізді. Жеңемізге кім екенімді, қандай

туыстығымды айтып болысымен, ол кісі де ақжарқн, барын жайып салып, қуана қарсы алды...»

Бұл кезде Кәрім Мыңбаев кандидаттық диссертациясын қорғап, енді докторлық жазу үстінде еді. Оның елден, туған жерден жырақ, алыста жүруінің басты мақсаты да осы емес пе еді.

Осы кезде Ұлы Отанымызға тұтқиылдан шабуыл жасап, еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығын аяқ асты етпек болған фашистік Германиямен соғыстың басталған кезі тұғын. Сол екі арада неміс басқыншылары Ленинградты қоршауға алып, құртпақ болды, ол қаланы қорғаушылардың қатарында болды. Кейбір құжаттар мен деректерге қарағанда оның айналдырған бір-екі жылда капитал дәрежесіне дейін көтеріліп, Қызыл Ту орденімен, жоғары дәрежелі орденмен наградталуы соның айғағы емес пе?

Бұл ретте Кәрімнің Ленинградты қорғауға аттануының мынандай нақты құжаттарын келтіре кеткен жөн болар. 1940 жылы ол большевиктер партиясының қатарына өтіп, кешегі Түрсекең армандаған большевиктердің жарқын өміріне нағыз коммунистерше араласуға бел байлады. Бұл кезде ол кандидаттық диссертациясын қорғап алған болатын. Оның тақырыбы мынау еді: «Көксағыздың табиғатын жақсартудың негізгі жолдары» деп аталады. Тақырыптың сонылығы ма, әлде жас ғалымның білімге, ғылымға деген құштарлығы ма, көтеріп отырып мәселесінің ауқымды келешегі мен мол перспективасы ма, институт басшылары Кәрім Мыңбаевты бірауыздан институтта қалдыруды дұрыс деп табады. Әрине, қазақ халқының сол кездегі санаулы—ақ білімді азаматтарының мұндай жоғары үміт пен сенімге ие болуы, бір жағынан мақтаныш болса, екінші жағынан жас ғалымның білімге деген құштарлығы мен талабын жоғары бағалай білгендік деп пайымдаған жөн болар. Өз тақырыбы бойынша жинақтаған материалдарды топтастырып, көксағыз өндірісін дамытудың жолдарын ғылыми және практикалық жолмен дәлелдей білген мұндай жаңалық ғылым үшін соңы еді. Кәрім бұған дейін де көксағыздан мол өнім алып, оны практика жүзіне асыруға құлшына кіріскен сан қырлы еңбегінің зая кетпегендігіне бір жағынан қуанышты болса, екінші жағынан одан алынатын өнімнің келешек үшін тигізер зор пайда-



# Ағалы-інілі Мыңбаевтар

[Жалғасы. Басы өткен санда]

## Кәрім

Мыңбаевтар әулетінің өз халқына сіңірген еңбегін, азаматтың биік тұлғасын сөз еткенде Тұрысбек пен Серік секілді халқының азаматы бола алған, сондай жоғары да мәртебелі атаққа ие Кәрім Мыңбаевтың есімі қатар жүреді. Қазағының келешегі мен жарқын болашағы үшін небір қан майдандарда оқ пен оттан қаймықпай, қиямет—қасіретті бастан кешсе де, өз мақсаты, арманы мен мұраты жолында қасық қаны қалғанша күресуге бел буған Тұрсекеңнен алған тәрбие мен үлгі—өнеге жас Кәрімнің бойына жақсылық пен ізгілік қасиеттерді дарытуға себепкер де дәнекер де бола алғандай. Тұрсекең өзінің ең жас інісінің мейлінше санқырлы, білімді де білікті азамат болып өсуіне зер салды. Өзі оқып, жете алмаған ғылымның небір құпияларын меңгеріп, сол арқылы халқы мен елінің болашағына сыбағалы үлес қосуды қалайда жас Кәрімнің құлағына сңдіріп, сол мақсат үшін өзінің қолынан келер бар мүмкіндігін жасап бақса керек.

Кәрім Мыңбаев кемеліне келіп, ғылым жолындағы қайталанбас жаңа істерін енді—енді жалғастырудың, Бетпақдала экспедициясының қазақтың ауыл шаруашылығын дамытуға тигізер пайдасын ғылыми тұрғыда тұжырымдап, дәлелдеп, келешегін болжап-бағдарлап берер мүмкіндігі туған шақта дүниеден ерте кетуі жанға қатты батады. Сол бір әуе апаты болмаса, Кәкең өзі ойлаған талай жұмыстардың басын қайырып, ауыл шаруашылығын өркендетудің мол мүмкіндігі мен жолын көрсетіп берері мүмкін еді. Сол бір қайғылы қаза күндері жайында Баукеңнің мына естелігін келтіре кетелік:

«1948 жылы күзде Калининнен Алматыға келдім. Сол кезде Бақыт бірінші класқа баруы керек еді. Оның мектеп табалдырығын аттағанын көріп, біраз күн үйде аунап-қунадым. Енді қайтуға жинала бастағанымда Кәрім хабарласып: «Самолетке билетті бірге алайық. Сенің осы келгеніңде екеуміз кең отырып сөйлесе алмадық. Тым болмаса Москваға жеткенше әңгімелесіп барайық»,—деді.

Ол кезде самолет Москваға қазіргідей жылдам жете қоймайтын, ұшуы бар, жол-

жөнекей тоқтаулары бар, әңгімеге уақыт жетіп артылады. Кәрімнің ұсынысын қуана қабылдап, бірге жүретін болып билет алдық. Бірақ ойламаған жерден жоспарым бұзылды. Мына Бақытжан қыз-зайымымен ауырып, мұрттай ұшты. Ойбо—ой, арудың алғашқы беті өте қатты болды, қызуы қырық градусқа жетіп, бала есін білмей жатты. Айрылып қаламыз ба деп жаман састық. Баламды мұндай халде тастап қалай жойғын шығайын. Кәрімге жағдайды айтып, қалып қойдым. Ер-тесіне сұмдық хабар дүңк ете түсті. Кәрімдерді Москваға алып ұшқан самолёт апатқа ұшырап, ішіндегі адамдар түгел қаза тапқан. Менің жаным олардан ардақты емес еді, тек кездейсоқ кезіккен себеппен сол жолы ажалдан қалдым. «Талқаның таусылмай табытқа түспейсің» деген рас екен.

Иә, сол жолы әуе апатынан Кәрім бастаған бір топ адамдар қаза тапты. Олардың арасында белгілі ғалымдар Қылыш Бабаев, Федор Сергеевич Солодовников, Хасен Наурызбаев, Сапар Нұғыманов және корабль командирі В.В. Лемешкин, екінші ұшқыш А.С.Нуров, борт радисі Е.П. Яценко, борт механик В.И. Солопов бар болатын. Барлығы сол жолғы әуе апатынан самолёттегі 18 адам бірдей қаза тапты Балқаш көлінің үстінде.

Белгілі ғалым, қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі болған қайран Кәрім Мыңбаев осылай көз жұмды. Содан бері де қырық үш жылдай уақыт өтті. Қаншама еңбектері мен ойға алған өркенді жұмыстары аяқсыз қалды. Бірақ Кәрім салған жол, ғылыми еңбектер мен ізденістер күні бүгінге дейін өзінің мәні мен маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл орайда Кәрім есімін, оның қыруар еңбегі мен атқарған жұмысын есте қалдыру тұрғысында азда болса біршама істердің кезінде бой көтергенін айта кету керек. Бірақ, өкінішке қарай, сол игілікті істің аяқсыз қалып, бүгіндері Кәрім сынды асыл азаматтардың аруағын ардақтау, сыйлау мақсатында кезегін күтіп тұрған жұмыстардың шаш етектен екендігін баса айту керек.

Иә, кезінде Кәрім негізін салған тәжірибе станциясы Кәрім Мыңбаев атындағы совхоз болып қайта құрылды. Ол кезде Жезқазған Қарағандыға қарайтын. Сол совхоз-

дың бүгінгі экономикалық хал—ахуалынан бірер дерек келтіре кеткен жөн болар. Өйткені, Кәрім есіміне байланысты шараларды Қарағандыдан да, туып—өскен жері Нұра ауданынан да кездестіре алмаймыз. Бұл қарағандылықтар үшін ұяттылау шаруа екені рас. Сонымен Жезқазған облысындағы совхозға Кәрім Мыңбаев есімі 1977 жылы 23 қазанда берілді. Бұл негізінен асыл тұқымды қой шаруашылығы, 30.000 қой 2.000 жылқысы бар, жер көлемі 400.000 гектар. 1.300 адам тұрады. Аудан көлеміндегі алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі. Былтыр ғана жылқының «Сарыарқа» деп аталатын жаңа тұқымы алынғандығы жөнінде хабар келді. Бұл жылқы негізінен ет береді. Совхоздың 200 орындық жаңа үлгідегі мектебі, 300 орындық клубы бар. Жаңадан салынған амбулаторияның совхоз тұрғындарына мінсіз қызмет көрсете аларлық мүмкіндігі жеткілікті. Совхоздың 5 бөлімшесі, 54 қыстағы түгелдей дерлік электр желісіне қосылған.

Кәрім Мыңбаевтың ұрпақтары бүгінде Ленинград қаласында тұрады. Оның үлкен ұлы Жағыппар Мыңбаев әкесінің жолын қуып, үлкен ғалым болды. Ол қазір Ленинград политехникалық институтының проректоры. РСФСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі ғылым докторы. Ал одан кейінгі ұлы Тимур Мыңбаев белгілі дирижер. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Одаққа, қала берді шет елге танымал. Оның есімі музыка әлемінде жоғары құрметпен аталады. Қазір Москва қаласында. Ал Кәкеңнің жұбайы Мелица Васильевна Ленинградта тұрады.

Кәрім Мыңбаев 35 ғылыми еңбектің, оның ішінде 2 монографияның авторы. Дарынды ғалымның республикамыздың ұлан-байтақ жерін алып жатқан Бетпақдала шөлін игеру туралы кеңінен толғап, жан-жақты зерттеп жазған ғылыми еңбегінің құны күні бүгінге дейін өзінің маңызын, мәнін жойған жоқ. Бұл кітап «Бетпақдала, шөлі» деген атпен Алматыда Кәкең қайтыс болғаннан кейін 1984 жылы жарыққа шықты. Кәкеңнің бұл еңбегі күні бүгінге дейін ғылыми қызметкерлердің анықтамалық кітабы болуға әбден лайық дүние.

[Өз тілшімізден]